

Есіл ауданында шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа шығарылатын жер учаскелерінің ең жоғары мөлшерін айқындау туралы

Ақмола облысы Есіл ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 21 мамырдағы № а-5/101 бірлескен қаулысы және Ақмола облысы Есіл аудандық мәслихатының 2024 жылғы 21 мамырдағы № 8С-21/3 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 3 маусымда № 8766-03 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 43-1-бабының 2-1-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6, 31-баптарына сәйкес, Есіл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және Есіл аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Осы бірлескен қаулының және шешімнің қосымшасына сәйкес Есіл ауданында шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа шығарылатын жер учаскелерінің ең жоғары мөлшері айқындалсын.

2. Осы бірлескен қаулы және шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Есіл ауданының әкімі

Есіл аудандық мәслихатының төрайымы

С.Балжанов

А.Адилбаева

Бірлескен
Есіл ауданы әкімдігінің
2024 жылғы 21 мамырдағы
№ а-5/101
қаулысына және
Есіл аудандық мәслихатының
2024 жылғы 21 мамырдағы
№ 8С-21/3
шешіміне қосымша

Есіл ауданында шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа шығарылатын жер учаскелерінің ең жоғары мөлшері

Ауыл шаруашылығы алқаптарының ауданы, гектар	Оның ішінде		
	егістік	шабындықтар	жайылымдар
Шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін			
4050	3000	300	750
Ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін			

27000

20000

2000

5000

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК